

Орындаған: Абилдаева.М

Қытапханашының
2023-2024 оқу жылына арналған жылдық
жұмыс есебі

Түркістан облысы
Төлеби ауданы
Лентір қаласы
Жаңаұйым жалпы білім беретін мектебі
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бекітемін: _____
Мектеп директоры: _____
И.М.Толетенов



1.09.2023 жылы мектебімізде Қыркүйек білім күніне орай «Мектебім мерейлі

мекенім» атты алғашқы қонырай мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылып өткізілді.

Мектеп алаңы безендіріліп, оқушылар сапқа тұрғызылды. Сағат 9^{00-де} фанфармен

алғашқы қонырай салтанаты басталды. Салтанатты жиынның реті ІІ - бөлімді құрады.

І - бөлімі ресми түрде өткізіліп, ІІ - бөлімі концерттік бағдарламамен өз жалғасын

тапты. Іс-шараға зейнеткер ұстаздар Жақсыбаев Сейітхан Дәулетұлы, Джамалбекова

Калубов Оспанқызы, камкоршылық кеңесінің мүшесі Қожахметов Айдар

Бағтабайұлы, ата-аналар комитетінің төрағасы Абдукаримов Абдулғашұлы

келіп оқушылар мен ұстаздарға жаңа 2022-2023 оқу жылында сәттілік тіледі.

Алғашқы қонырауды сынырлата соғу рәсімі ІІ - сынып оқушысы Төлентай Санжар

мен І - сынып оқушылары Сәметов Хамит пен Алманбетова Қазынаға берілді. Іс-шара

І - сынып оқушыларының тапқалқтары мен ән шашуларымен өз жалғасын тапты.

Мектеп басшысы М. Дүйсеев сөз алып барша оқушыларды, ұстаздарды алғаш

мектеп табалдырығын аттағалы тұрған І - сынып оқушыларына сәттілік тілеп, жаңа

оқу жылымен құттықтады.

2.Мектебімізде 5.09. 2023жылы Тілдер мерекесіне орай жоспар түзіліп, «Қазақ тілі-

мемлекеттік тіл тіреті!» тақырыбында ұйымдастырылып өткізілген тілдер

бірлестігінің мерекелік- іс шарасы ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шараға сәйкес

тілдер бірлестігінің 10- күндігі ұйымдастырылып өткізілді. 10- күндікте Ахмет

Байтұрсынұлының 150- жылдығына орай эссе алу мен қатар бір қатар шаралар

өткізілді.

3. 3.10.2023жылы мектебімізде Ұлағатты ұстаздар мерекесіне орай

ұйымдастырылып өткізілген “Ұстаз аты биік әрі мәңгілік” атты іс- шарасы.

Мақсаты: Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз

мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін ерекше бағалай білуге

үйрету. Іс- шараға арнайы мектебімізден шыққан ұлағатты ұстаздар қонаққа шақырту

алып, қатысты. Дәлірек айтқанда мектебімізден шыққан ұлағатты ұстаздар

Жақсыбаев Сейітхан Дәулетұлы, Джамалбекова Калубов Оспанқызы, Абдукаримов

Алмасбек Әбдулғашұлы. Іс-шарада оқушылар өз өнерлерімен тәтті етті. Ән де би де

шырқалды. Жалпы ұстаздар қауымы ерекше сезімде болды.

4. 6.10.2023жылы мектебімізде «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» атты

тақырыпта кітапханада тақырыпқа байланысты суреттер ілініп балаларға осындай

жағдайда қалай қорғаныс жөнінде қайда хабарласуы туралы жадынамалар

таратылып жұмыстар жүргізілді. Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық, оның

адам жаны мен тәніне әкелетін зардабы туралы түсіндіру.

5. 10.10.2023жылы мектебіміздің кітапханасында Абайды әлемге танытқан Мұхтар

Әуезовке 125жыл толуына орай кітапханада кітап көрмесі жасалды. Мақсаты :

Мұхтар Әуезовтың өмір жолы мен жазушылық қызметінен шығармашылығынан

мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың

рухани жан дүниесін байыту.

6.17.10.2023жылы мектебімізде «Халық бірлігінің ұлы күші» деген тақырыпта кітап көрмесі жасалды. Мақсаты: Қазақстан мемлекеті түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен. Оқушыларға біздің бірлігіміз ұлы күшімізде екенін түсіндіру. Өз ұлтының тілін дінін біле отырып оны сыйлауға құрметтеуге тәрбиелеу.

7.24.10.2023жылы Тағылымды тұлға ұлт ұстазы ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсыновқа 150жыл толуына орай кітап көрмесі жасалып 6 сынып оқушыларымен сыныптан тыс ашық сабақ өтілді. Мақсаты : Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына байланысты ақынның өмір жолы мен шығармашылығымен қызығушылық таныстыру.

Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып өз елін сүйуге оның көркейтуіне үлес қосуға тәрбиелеу. Балалар Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдерін жатқа айтып мәнерлеп оқып көрмесі асер алды.

8.9.11.2023жылы Аңыз және Абыз Шерхан Мұртазаға 90жыл толуына орай кітап көрмесі жасалынды. Қазақ әдебиетінің тілін дінін мұның мұндап жоғын жоқтаған шындықтың шырақшысындай болған , Қазақ журналистикасының қара нары Шерхан Мұртазаның өмірі мен шығармашылығымен танысты. Оқушылардың өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Патриоттық сезімін тәрбиелеу.

9.10.11.2023жылы Түркі әлемінің мәдени астанасы тақырыбында 5сынып оқушыларымен сыныптан тыс сабақ өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға ескі түркістанмен жаңа түркістанды таныстырып тарихы тұнып тұрған ең көне қала бір кездері Қазақ хандығының астанасы болған. Оны «Екінші Мекке» деп атаған.

10.11.11.2023жылы Оқушыларға рухани адамгершілік тәрбие берудегі кітаптың ролы. 7 сынып оқушыларымен баяндама оқылды. Ең бірінші адам сауатты болу керек бұл орайда рухани -адамгершілік тәрбие бағытының ролы зор. Мақсаты: Рухани -адамгершілік құндылықтар мен білім жүйесін дамытып қалыптастыру. «Кітап-досым ақылшым» тақырыбында баяндама оқылды.

11.14.11.2023жылы « Балақайдың жан досы». Ертегі әлемі. «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» Ы.Алтынсарин. Қазақ халық ертегілері -ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі болып табылады. Ертегілер халқымыздың тарихын дүниетанымын тұрмысы мен салтын әдет ғұрпын наным мен сенімін білдіреді. Ертегі оқу балалардың тіл байлығын дамытады.

12.18.11.2023жылы. Шығыс жұлдызы қазақтың қаһарман қызы Маншүк Мәметоваға 100жыл толуына орай оқушыларға бейнекөрсетілім көрсетілді. Мақсаты: Маншүк Мәметованың ерліктерімен таныстыру. Оқушылардың қазақтың батыр қызының ерлігіне қызығушылығын арттыру.

80жылтолуына орай жазушының жазған еңбектерімен өмірімен таныстыру Сонымен қатар «Он қол» әңгімесін оқып талқылады. «Он қол» әңгімесі Төлен Әбдіқовтың 25жасында жазған алғашқы әңгімелерінің бірі. Отырарда жазушы драматург талай оқырмандарды өзінің шығармаларымен тасандырған.

14.29.11.2023жылы Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100жыл толуына оқышыммен жазушының өмірімен таныстырып жазған шығармаларын оқыдық. Соның бірі «Махаббат қызық мол жылдар» «Ақиқат пен Аңыз» туындыларын оқыдық. Оқышымдар қызығып оқып үлкен әсер алды.

15.1.12.2023жыл. Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы драматург Дулат Исабековке 80жыл. Оқышымдарды жазушының өмірімен, жазған еңбектерімен сонымен қатар «Әпке» драмасын оқып талдадық. Әр тұлғаның жеке адами көзқарасын туындату арқылы отбасы құндылығын түсіне білетін ой пікірді қалыптастыру.

16.9.12.2023жыл. 20ғасырдың қазақ әдебиетінің ең биік тұлғасы -Мұхтар Омарханұлы Әуезов 125жыл толуына орай Кітап көрмесі жасалынды. Мақсаты:Мұхтар Әуезовтың өмір жолы мен жазушылық қызметінен шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқышымдардың білімдерін жүйелеу. Әлем таныған Әуезовтың ұлылығын дәріптеу. Көрмеге « Абай жолы» «Қорғаныс» күні» Мұхтар Әуезов туралы естеліктер кітабы т.б кітаптары қойылып таныстырылды.

17.15.12.2023жылы «Желтоқсан жаңғырығы және мәңгілік елдің рухани жаңғыруы» атты тақырыпта 6 сынып оқышыммен сынып жетекшісі Кадралиева Зарина апаймен бірігіп сыныптан тыс ісшара өтті. Мақсаты: Оқышымдарды Желтоқсан оқиғасының құрбандарын мәңгі есте сақтауға және олардың аңсап қол жеткізіп кеткен тәуелсіздік туғыры биік ұстауға отанның адал азаматтары болуға тәрбиелеу. Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресімен, қол жеткен

жетістіктерімен таныстыру.

18.23.11.2023жыл «Болашақты нұрдандыран Тәуелсіздік» сурет салу. Мақсаты: Жас ұрпақтың бойында патриоттық және отанға деген сүйіспеншілік сезімін арттыру, бағалардың көркем шығармашылығын дамыту.

19.26.12.2023жыл Бастауыш сынып оқышымдары арасында «Ертегілер әлеміне саяхат» Мақсаты: Балалардың ақыл ойларын дамыту, Сөзді анық айтуға есте сақтау қабілетін дамыту. Ертегі кейіпкерлерімен танысу.

20. Қаниқұлда кітап оқимыз «Кітапханада ашық есік күні» Мақсаты : Оқышымдардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтығасын арттыру көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізе біледі. Тіл байлығын дамытады.

оқыған кітаптарын талқылау үздік оқырманды анықтау. 5-6-7 сынып оқушылары катысты. Мақсаты: Ұлттық сана сезімі жоғары, рухани ойлауы терең, мәдениетті парасатты ар ожданы мол, еңбеккор ұрпақты кітап арқылы тәрбиелеу. Кітапты сүйе білуге баулу.

22.18.01.2024жыл «Кітап біздің досымыз» тақырыбында эссе жазу. Кітап сарқылмас қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапка деген қызығушылығын арттыру.

23.20.01.2024ж КСРО Қазақстан және Қырғызстанның Халық әртісі әлемге әйгілі әнші Роза Бағланова апамыздың туғанына 100жыл толды. Роза Бағланова туралы көптеген кітаптар мен көркем суреттер жарық көрді. Оқушыларды Роза Бағланованың өнерімен өмірімен таныстырылды. Бейнекөрсетілім көрсетілді.

24.24.01.2024ж 20ғасыр әдебиетінің өкілі қоғам қайраткері ақын Сырбай Майленовке 100жыл толуына орай «Сырбайдың сырлы әлемі» атты тақырыпта 6 сынып оқушыларымен қазақ тілі пәнінің мұғалімі Абдумаликова Айжан апаймен бірлесіп сыныптан тыс сабақ өтілді. Мақсаты: Қазақ лирикасының класисті Сырбай Майленовтің сырбаз сыршылдық пен сымбатты суреткерлік өлең өрнегі мен ақынның соғыс тақырыбындағы толғаныстары мен табиғат бояуларын өзек еткен жырларының ерекшелігі мен мәнін ашу. Оқушыларды ақын өлеңдерінің эстетикалық құндылықтарымен таныстыра отырып, ойлау қабілетін, манерлеп оқу дағдысын қалыптастыру.

25. 26.01.2024жыл «Кітап мәңгілік интернет бір күндік» тақырыбында оқушылар арасында пікірталас талқыланды. Мақсаты: Бүтінгі технология сағат сайын дамып келе жатқан заманда әлеуметтік желіде желдей есіп тұрған кезде оқушылардың алтын уақыттарын сағаттап көз алмай отыратын интернетке емес кітап оқуға жетелеу, білім жолына арнауды түсіндіру. Интернеттен көргеннен кітаптан оқыған есте жақсы сақталатынын түсіндіру.

26 .7.02.2024ж Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай «Қара саз, кара шалғын өлеңде өстім» деген тақырыпта сыныптан тыс сабақ өтілді. Мақсаты : Оқушылар арасында М.Мақатаевтың шығармаларын насихаттау. Поэзияға деген құштарлығын арттыру өлең сөздің құдіретімен қуатын жанымен сезініп жүретімен сезіне білуге үйрету.

27.15.02.2024жыл Көрнекті ақын жырау Дулат Бабатайұлы туылғанына 220жыл толуына орай ақынның өмірімен өлеңдерімен таныстыру. Бейнекөрсетілім көрсетілді.

28.24.02.2024жылы Қаз дауысты Қазыбек бидің 355жылдығына орай Оқушылармен кітапханада бейнекөрсетілім түсірілді. Мақсаты: Қаз дауысты Қазыбек Әйтеке Төле бидің өз заманында соттың ролын жүргізгенін дауларды соғыссыз шешкенін шешендік сөздерінің тәрбиелік мәнін ұғындыру.

1.03.2024 жылы мектебімізде 1 наурыз - Алғыс айту күніне арналған «Алғыс айту

парызым» алғыс білдіру шаралары ұйымдастырылып өткізілді. Мектептің кіре беріс

дәлеліне түрлі шарлар, алғыс туралы канатты сөздер ілініп, мектептің фойесі

безендірілді. Танғы 8- де оқушылар «Ұстаздарға мың алғыс» бейнекөрсетілімі мен

қатар, ұстаздарды күтіп алу, алғыс айту шаралары ұйымдастырылып өткізілді.

28. 7.03.2024 жылы мектебімізде 8- наурыз Халықаралық әйелдер, аналар, арулар

мерекесіне орай «Әлемнің асыл сұлулары» тақырыбында мерекелік іс-шарасы

ұйымдастырылып өткізілді.

30. 3.04.2024жылы 2 сәуір халықаралық балалар кітап күніне орай кітап көрмесі

жасалды.

31.5004.2024жылы Бұқар жырау Қалмақаныұлының 330жылдығына орай

өмірбаянымен толғауларымен «Сәлем сөздің анасы», «Балалық он жасыңыз»,

«Күллі әлемді қаратқан» т.б өлеңдері оқылды.

32. 12.04.2024жылы 12 сәуір ғылым күніне орай Қазақ ғылыми академиясының

тұңғыш президенті геология ғылымының 20ғасырдағы аса көрнекті оқымысты

академик Қаныш Имантайұлы Цатпаевтың өмірбаянымен жасаған еңбектерімен

танысу.

33.21.04.2024жылы Қазақтың ұлы ақыны казак әдебиетінің классигі Қазақтың бірлігі

Алаштың азаттығы мен халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күреспен өткізген

зиялыларымыздың бірі қазақтың ұлы тұлғасы Мағжан Жұмабаевтың 130жылдығына

орай «Мен жастарға сенемін» атты өлеңін сонымен қоса «Тарғын» «Сағалдым»

өлеңдері оқылды.

34. 5.05.2024жылы «Ұлы жеңіс жасасын» тақырыбына орай көрме жасалынды.

35.15.05.2024жылы Драматург КР халық жазушысы Сафуан Шаймерденов

ке100жыл «Ақын мен бұлбұл сайраған елде» «Бала тілі» өлеңдері оқылды.